



Federal Ministry for the
Environment, Nature Conservation,
Building and Nuclear Safety



Schweizerische Eidgenossenschaft
Confédération suisse
Confederazione Svizzera
Confederaziun svizra

Bundesamt für Umwelt BAFU
Office fédéral de l'environnement OFEV
Ufficio federale dell'ambiente UFAM
Uffizi federali d'ambiente UFAM



ОРМАН СЕКТОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР



ОРМАН СЕКТОРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР



Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму Бағдарламасы (БҰҰДБ) - кедейлік, теңсіздік және климаттың өзгеруінен туындаған әділетсіздікке қарсы қаресті іске асыратын Біріккен Ұлттар Ұйымының жетекші үйімі. 170 елдең сарапшылар мен серіктестердің кең желісімен жұмыс жасай отырып, біз адамдар мен планетамыз үшін бірегей, ұзак мерзімді шешімдер жасауға көмектесеміз. Біз туралы undp.org сайтынан немесе @UNDP парақшаларына жазылып ақпарат ала алсыздар.

ӘОЖ 314

КБЖ 60.7

О69

Дайындаған: Валентина Бодруг

Редакциялық алқа: Айнұра Сәлімбаева, Гүлзат Сахова

ISBN 978-601-06-6929-1

«Орман секторындағы қазақстандық әйелдер» жарияланымы биоалуантүрлілікті қаржыландыру бастамасы (БИОФИН) жобасының шенберінде дайындалған және Қазақстандағы орман секторын дамытудағы әйелдердің рөліне арналады. Басылымда әлеуметтік-демографиялық аспектілермен қоса әйелдердің мүмкіндітерін ілгерілету және орман ресурстарын қалыптастырып, отбасын нығайту бойынша деректер ұсынылған.

БИОФИН биоалуантүрлілікті ұлттық деңгейде сақтау үрдістерінің тұтас көрінісін қалыптастырып, биоалуантүрлілікті қаржыландыру тапшылығын анықтай отырып, жаңа қаржылық шешімдер арқылы ресурстарды жұмылдыруда жобаға қатысушы елдерге қолдау көрсетуге бағытталған.

Бұл жарияланымда автордың жеке көзқарасы ұсынылған.

Олар БҰҰ Даму Бағдарламасының пікіріне сай келуі талап емес.

МАЗМҰНЫ

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР	7
KIPICPE	8
ОРМАНДАР	11
ОРМАН РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ КОНТЕКСТИНДЕГІ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ	13
ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР	21
ГЕНДЕРЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ СТАТИСТИКА	28
COVID-19-дың ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ	38

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН АББРЕВИАТУРАЛАР

БИОФИН

Биоалуантурлілікті қаржыландыру бастамасы

БҰҰ

Біріккен Ұлттар Ұйымы

БҰҰДБ

Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы

ҚР

Қазақстан Республикасы

ТДМ

Тұрақты даму мақсаттар

ҮЕҰ

Үкіметтік емес ұйымдар

ФБА

БҰҰ-ның азық-түлік және ауыл шаруашылық ұйымы

ШОК

Шағын және орта кәсіпкер

ЭГТРМ

Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі



Әйелдерге құқықтар мен мүмкіндіктер берілген жағдайда олардың «шешімдерді іздеудегі қозғауышы күш» бола алатын жетекші рөлін БҰҰ бас хатшысы ерекше атап етті.¹

KІРІСПЕ

Әйелдер құқықтары адам құқықтары мен гендерлік теңдік саласындағы көптеген халықаралық шарттарда, қараптарда, декларацияларда, тұғырнамаларда және іс-қимыл бағдарламаларында кепілдік берілетін негізгі адам құқықтарының құрамдас бөлігі болып табылады.

Қоршаған орта мен гендерлік теңдік мәселелері әйелдер мен ерлердің табиғи ресурстар мен даму илгіліктеріне тең қол жеткізуі мен оларды бақылауы, сондай-ақ табиғи ресурстары мен қоршаған ортаны басқару үдерісінде шешімдер қабылдауға және өкілдік етуге тең дәрежеде қол жеткізу призмасы арқылы қаралады.

Гендер мен қоршаған ортаның өзара байланысын адам құқықтарын сақтау және тұрақты даму тұрғысынан ескеру қажет.

Гендер мен қоршаған ортаның өзара байланысы көптеген халықаралық трактаттармен расталған өте маңызды элемент. Бұл, ең алдымен, БҰҰ-ның адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясында айтылғандай, әйелдердің қауіпсіз ортада өмір сүруін және ерлермен тең құқықты болуын қамтамасыз етудің бұрын-соңды болмаған қажеттілігі бар: «Әр адам өзінің және отбасының деңсаулығы мен әл-ауқатын сақтау үшін қажетті тамақ, киім, тұрғын үй, медициналық көмек және қажетті әлеуметтік қызметтерді қоса алғанда, жұмыссыздық, ауру, мүгедектік, жесірлік, өзіне байланысты емес мән-жайлар бойынша қарттық немесе өмір сүру қарожатын жоғалту өзге де жағдай-даңың қасталуын қамтамасыз ететін өмір сүру деңгейіне құқылы» (25-б., 1-т.).²

Ерлер мен әйелдер үшін табиғи ресурстарды пайдаланауға және басқаруға тең қолжетімділік қоршаған ортаны жақсартуға жәрдемдеседі, өйткені бұл экономиканың тиімді жұмыс істеуі, қоғамдық әл-ауқат, сондай-ақ әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасайды. Әйелдердің табиғи ресурстармен тығыз байланысы қоршаған ортаны сақтауға, климаттың өзгеруіне

¹<https://www.un.org/ru/climatechange/women-agents-change.shtml>

²https://www.un.org/ru/documents/decl_conv_declarations/declhr.shtml

бейімделудің сәтті және тұрақты таралуына ықпал етуі мүмкін.

Әйелдерге ерекше назар аудару көптеген елде әйелдердің жер, таза су, жылдыту және тамақ дайындауға арналған отынның түрлері және т.б. табиғи ресурстарға қол жетімділігі шектеулі екендігіне байланысты. Ауыр жүк болып табылатын табиғи ресурстарды жинау (ағаш, мал азығы, су) әйелдердің деңсаулығына және олардың экономикалық өнімділігіне теріс әсер етеді, сонымен қатар олардың оқу мен дамуға, әлеуметтік және экономикалық қызметке, шешім қабылдауға қатысу уақытын қысқартады. Әйелдердің жер ресурстарына қол жетімділігі жерді иеленуге және жалға алуға кепілдендірілген құқықтардың жоқтығынан шектеледі, бұл әйелдердің отбасы мен қоғамдағы дәстүрлі рөліне байланысты. Бұл әйелдердің нарыққа, капиталға, оқытуға және технологияға қол жетімділігін одан әрі шектейді.

Сонымен қатар, әйелдер өмірлік циклдің барлық кезеңдерінде өмір сүру ресурстарын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Тиісінше, саясат пен даму бағдарламалары гендерлік аспектілерді ескеруі тиіс.

Бұл басылымда Қазақстандағы орман секторын дамытудағы гендерлік мәселелердің рөлі туралы баяндалады. Жұмыста орман ресурстарын пайдалану мен сақтауда әйелдердің мүмкіндіктерін ілгерілету мен отбасын нығайтуға қатысты әлеуметтік-демографиялық аспектілер бойынша деректер ұсынылған.

Басылым «Биоалуантүрлілікті қаржыландыру бастамасы (БИОФИН)» жобасы аясында әзірленген. БИОФИН Қазақстанда БҰҰДБ Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетімен бірлесіп, Швейцария, Германия және Еуроодақ Үкіметінің қаржылық қолдауымен іске асырылуда.

БИОФИН елдерге биоалуантүрліліктің ағымдағы шығындарын өлшеу, қаржылық қажеттіліктерді бағалау, ең қолайлы қаржылық шешімдерді анықтау және биоалуантүрлілік бойынша ұлттық мақсаттарға

жету үшін осы жолдарды жұзеге асыруға ұсыныстар беру үшін инновациялық қадамдарды көрсететін әдістемені ұсынады. Жаңа қаржылық шешімдерді енгізіп қазіргі бар құқықтық нормаларды өзгертуге және жаңаларын дайындауға, тестілеуге, басқа елдердің тәжірибесін, тәсілдерін зерделеуге, салалық сарапшылардың әлеуетін арттыруға, биоалуантүрлілікті қаржыландырудың мәселелері мен мүмкіндіктері туралы кеңінен хабардар етуге негізделді. Қаржылық шешімдер жоба шеңберінде қаншалықты өзекті және мүмкіндігінше гендерлік теңдікті көтермеледі және оларды енгізу нәтижесінде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді.

БИОФИН елдерге биоәртүрліліктің ағымдағы шығындарын өлшеу, қаржылық қажеттіліктерді бағалау, ең қолайлы қаржылық шешімдерді анықтау және биоәртүрліліктің ұлттық мақсаттарына жету үшін осы жолдарды жұзеге асыру бойынша ұсыныстар беру үшін инновациялық қадамдарды көрсететін әдіснаманы ұсынады. Жаңа қаржылық шешімдерді енгізіп қазіргі бар құқықтық нормаларды өзгертуге және жаңаларын дайындауға, тестілеуге, басқа елдердің тәжірибесін, тәсілдерді зерделеуге, салалық сарапшылардың әлеуетін арттыруға, биоәртүрлілікті қаржыландырудың проблемалары мен мүмкіндіктері туралы ауқымды хабардар етуге негізделеді. Қаржылық шешімдер жоба шеңберінде қаншалықты өзекті және мүмкіндігінше гендерлік теңдікті көтермеледі және оларды енгізу нәтижесінде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді көздейді.

ОРМАНДАР

Ормандар - бұл планетамыздың өкпесі, олар жер үстінде жануарлар, өсімдіктер мен жәндіктер үшін маңызды тіршілік ету ортасын қамтамасыз етеді. Олар көміртекті сіңіреді, біз дем алатын ауаны тазартады, топырақты, суды сақтайды және су тасқынының алдын алады. Олар бүкіл Жер халқы үшін үлкен экономикалық, әлеуметтік, мәдени және эстетикалық құндылыққа ие.



Ормандар әлемдегі шамамен **1,6** миллиард адамның өмір сүру көзі саналады



Ормандарда жер үсті жануарлары мен өсімдіктерінің **80%** астамы мекендейді және әлемдегі жалпы жер көлемінің **31%** алып жатыр



Қала ормандары ауаны **8°C-қа** дейін салғында алады, бұл ауа баптау қажеттілігін **30%** төмендетеді.



Қазіргі уақытта Еуропа өсетін **400** миллиард ағаш құрлықтағы парниктік газдар шығарындыларының **9%** сіңіреді



2010 - 2015 жылдар аралығында шамамен **3,3** миллион га орман алқабы жоғалды. Бұл жағдай осы ресурстарға тәуелді ауыл әйелдерінің өміріне әсер етті (ТДМ 15)

Қазақстанда бүгінде ел аумағының 4,5% - астамын ормандар алып жатыр. Еліміздің қылқан жапырақты және жапырақты ормандары негізінен Алтайда, Солтүстік-Батыс Тянь- Шаньда, ал Іле, Қаратал, Сырдarya, Шу өзендері сағасында және құмды алқаптарда сексеуіл ормандары, ал өзен алқаптарында жайылмалы ормандар таралған.

2,5 млн

Қазақстанның орманды алқаптарында 2,5 миллионнан астам адам тұрады және олар орманның тікелей тұтынушылары саналады

51,4%

Қазақстандағы жас және орта жастағы ормандар жалпы көміртегі жиынтығының 51,4% құрайды

5%

Орман жамылғысының 5% өсүі ормандардың жыл сайын көміртекті сініріүін 2,9 млн тонна СО2-экв мөлшерінде 2,9 млн тоннаға арттырады

Ормандар адамзаттың өмір сүруінің негізгі шарты болып саналады, ейткені олар адамдардың өмірін, оның ішінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуын қолдау жүйесін қамтамасыз етеді. Сондықтан басты міндет-бұл жасыл жабынды сақтау және көбейту.

Сонымен қатар, ерлер мен әйелдер орман артықшылықтарын әр түрлі пайдаланады және отбасы мен қоғамдағы әр түрлі рөлдерге байланысты оларға әртүрлі ықпал етеді. Осылайша, соңғы жылдардағы зерттеулер орман ресурстарын сақтау, дамыту және қалпына келтірудегі әйелдердің өсіп келе жатқан рөлін растайды.

Сондықтан ормандарды басқаруға әйелдердің ерлермен тең дәрежеде толық қатысу мүмкіндігін қамтамасыз ету өте қажет.

Өмірлік ресурстарды қамтамасыз ету арқылы ормандар адамзаттың дамыуна айтарлықтай үлес қосатындығын ескере отырып, әйелдер мен ерлердің қажеттіліктерін анықтау және қанағаттандыру орманды қалпына келтіру, орман өсіру және агроресурс шарашылығын дамыту саясатын сәтті жүзеге асыру үшін өте маңызды. Осы тұрғыда әйелдердің ерлермен қатар тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің маңызды алғышарты және фокусы дамудың маңызды агенттері ретінде әйелдердің рөліне қатысты трансформативтік гендерлік тәсілді қолдану болып табылады.

³Luque, V.(2013) Guidance Note on Mainstreaming Gender Equality in UNDP-UNEP PEI Work [БҮХДБ ИБОС жұмысында гендерлік тәндейлік қол жеткізу бойынша басылып ұсынудар-ЮНЕП], PEI, Nairobi; UN-REDD METHODOLOGICAL BRIEF ON GENDER, January 2017. UN-REDD PROGRAMME TECHNICAL RESOURCE SERIES, Background Analytical Study Forests, inclusive and sustainable economic growth and employment José J. Campos Arce, March 2019. Background study prepared for the fourteenth session of the United Nations Forum on Forests

ОРМАН РЕСУРСТАРЫН ПАЙДАЛАНУ КОНТЕКСТИНДЕГІ ЕРЛЕР МЕН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ӨЗАРА ӘРЕКЕТІ

2018 жылы БҰҰДБ-ның биоалуантурлік саласындағы жобаларын іске асыру шеңберінде жүргізілген сауалнама барысында әйелдер де, ерлердің бір бөлігі де, әсіресе ауылдық жерлерде әйелдер қауымы халықтың орман ресурстарын сақтау және молықтыру саласында жеткілікті тәжірибесі мен білімі бар екенін мойындағы. Бұл әсіресе дәрілік өсімдіктер мен тамақ өнімдеріне қатысты. Респонденттер әйелдердің тәжірибесі мен білімі ендің орман шаруашылығын басқаруда пайдалы болуы мүмкін екенін атап етті.

Орташа алғанда, әйелдердің білімі көбінесе үй шаруашылығына, тамақ пен су өндіруге, тамақтануды үйымдастыруға тікелей қажеттіліктермен байланысты. Дәстүр бойынша, жақын адамдарының денсаулығына қамқорлық жасау әйелдер аймағы болып саналады, сонымен қатар өсірілетін дақылдар көп функциялы және әртүрлі мақсаттарда қолданылады. Ерлерге келетін болсақ, олар орта есеппен алғынған өнімді коммерциялық пайдалану мүмкіндіктері туралы көбірек ойлайды.

Сонымен қатар, бірқатар әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты ерлер мен әйелдер орта есеппен алғанда әртүрлі орман өнімдеріне назар аударады және олардың білімі көбінесе «әйелдер мен ерлер» деп аталатын үй міндеттері мен қауымдастықтар арасындағы айырмашылықтарды көрсетеді.

Сауалнама көрсеткендегі, әйелдер қоршаған ортаниң жай-күйіне және табиги ресурстарға қатысты, сонымен қатар климаттың өзгеруіне қатысты жергілікті мәселелерді шешу үшін маңызды болып табылатын қажетті білім мен дағдыға ие.

Халықаралық стандарттарға сәйкес, табиги ортадағы

өзгерістер әйелдер мен қыздардың, ерлер мен ұлдардың жағдайына әр түрлі әсер етіп, көбінесе әйелдер мен қыздарға⁴ ауыртпалық әкеледі.

Әйелдер мен қыздар дәстүрлі ауылшаруашылық өнімдерін өндірушілер, су мен отын жинаушылар болғандықтан, қамқоршы ретінде табиғи ресурстарымен тығыз байланысты. Бұл оларды табиғи апаттар мен қоршаған ортаның нашарлауына тәуелді етеді.

Зерттеулер көрсеткендей⁵, әйелдер ерлерге қарағанда қоршаған ортаның ластануынан, мысалы, парниктік газдар шығарылымынан, климаттың өзгерінен зардап шегеді. Себебі, әйелдер мен ерлердің физиологиялық сезімталдығы әртүрлі, сонымен қатар химиялық заттармен, пестицидтермен және басқа заттармен әрекеттесуі отбасы мен қоғамдағы рөлдеріне әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, гендер мәселе сігеографиялық орналасу, мінез-құлышы, жас, тамақтану жағдайы, әлеуметтік-экономикалық жағдай, биологиялық әсер және/немесе белгілі бір химиялық заттардың әсері сияқты көптеген басқа факторлармен өзара әрекеттеседі.

Барлық факторлар, ен алдымен, ауыл әйелдерінің өміріне тікелей, ал олардың денсаулығына теріс әсер етеді. Мысалы, үй шаруашылықтарының қатты отынды пайдалануышкі ауаның ластануына және сәйкесінше денсаулықта, әсіресе әйелдер мен балаларға үлкен зиян келтіреді. Ауыр жүк болып табылатын ресурстарды (ағаш, мал азығы, су) жинау әйелдер денсаулығына және олардың экономикалық өнімділігіне теріс әсер етеді, сонымен қатар олардың оқып, дамуына және әлеуметтік, экономикалық және басқарушылық қызметтерге қатысу уақытын қысқартады.

Әйелдер де, ерлер де гетерогенді топтарды құрайтынын есте ұстаған жән. Дағдарыс жағдайлары бұрыннан орын алған гендерлік теңсіздікті ушықтыра отырып, кемсітушілікті кросс-формаларының әсерін қындаатады. Атап айтқанда, бұл жергілікті халықтарға, этникалық, нәсілдік, діни және жыныстық азшылықтарға жататын кедейлікте өмір сүретін әйелдерге, мүгедек әйелдерге, босқындарға, баспананың іздеушілерге,

⁴2012 жылғы наурызда және 2014 жылғы наурызда консенсусмен қабылданған әйелдердің жағдайы жөннідең комиссияны, гендерлік тетікін және табиғи апаттар жағдайындағы әйелдердің мүмкіндіктерін көне жайтуда туралы 56/2 және 58/2 қарарлар.

⁵UNEP/EA.4/21 (2019) «Химиялық заттар саласындағы жағандық перспектива-II»: директивті органандарға арналған түйнідеме. Орындаудың директордың бағнамасы <https://papersmart.unon.org/resolution/uploads/k1900125.pdf>
Ostojic, N., 2016. UNDP "Health Risks and Impacts of Hazardous Chemicals in Products on Women and Children";
Women and Chemicals. The impact of hazardous chemicals on women. ©2016 WECF
Claman, Paul. 2004. "Men at risk: occupation and male infertility". Sexuality, Reproduction and Menopause, 2(1), 19–26. doi:10.1016/j.sram.2004.02.005

ішкі қоныс аударушыларға, азаматтығы жоқ адамдар мен мигранттарға, ауыл әйелдеріне, үйленбекен әйелдерге, жасөспірім қыздарға және егде жастағы әйелдерге қатысты⁶.

2019 жылы Қазақстандағы биоалуантурлілік бойынша БҰХДБ жобалары шеңберінде жүргізілген экожүйелер тозуының әсеріне қатысты ерлер мен әйелдерге сауалнама жүргізілгенде мыналар анықталды:

Әйелдер мен ерлердің сауалнамасы нәтижесінде белгілі бір гендерлік айырмашылықтар байқалады. Ер адамдармен салыстырғанда әйелдердің 35% биоалуантурліктиң жойылуынан әйелдің денсаулығына тәннетін қауіп бірнеше есе жоғары деп санайды. Респонденттердің тек 11% бірдей пікірде. Әйелдердің 9% және ерлердің 8% биоалуантурліктиң жойылуы ерлердің денсаулығына зиян тигізетінін мойындады.

Әйелдер өз ұстанымдарын келесі факторлармен түсіндірді: тاماқ дайындау, үй тазалау, кір жуу, сонымен қатар балалар мен басқа тұыстарға күтім жасау сияқты үй жұмыстарының көптігі әйелдердің өзін күтуіне, денсаулығына айтарлықтай көңіл бөлуіне қажеттің тапшылығын туғызады. Осылайша, балалар, отағасы және оның тұыстары әйел өміріндеорын алғатын басты приоритет болып қалуда.

Әйелдер қоғамда, соның ішінде отбасылық және кәсіби өмірде кездесетін көптеген мәселелердің бар екендігін мойындады. Дегенмен, гендерлік стереотиптердің әсері ең маңызды фактор болып табылады, ер адам - өндіруші, билік пен бақылаудың иесі; ал әйелі- ішкі тәртіпке, үй өміріне және жұбайы мен балаларының ал-ауқатына жарапты.

Сауалнамаға қатысқан ер адамдар өздерінің денсаулықтарының мәселелері орман шаруашылығы саласындағы қыын еңбек жағдайларына, сондай-ақ үнемі күйзеліске ұшырап, отбасыларының қаржылық

⁶Егде жастағы әйелдер және олардың адам құқықтарынң қорғау туралы жалпы ұсыныс ретінде № 27 (2010)

жағдайына алаңдаумен тікелей байланысты екенін мойындады. Мұндаі жағдайларда ер адамдар өзін қызындықтың құрбаны сезінеді.



ОРМАН ШАРУАШЫЛЫҒЫ

– бұл ауыр еңбек жағдайларына байланысты дәстүрлі түрде ер адамдар басым қызмет ететін сала. Сондықтан қалыптасқан стереотиптерге байланысты әйелдер дәстүрлі түрде ерлердікі деп саналатын орман инспекторлары, қорықтар мен ұлттық парктердің директорлары сияқтытағы басқа мамандықтарды көп игере бермейді.

Әйелдер жұбайының төмен қаржылық кірісін, сондай-ақ әйелдердің өздері үшін жұмысқа орналасу мүмкіндітерінің болмауын қамтитын күрделі экономикалық жағдайларда, бұл әлеуметтік қорғау тетіктерінің жеткіліксіз функционалдығы жағдайында және биоалуантурліліктің азының және тіршілік ресурстарының азаюымен байланысты жағдайларда гендерлік зорлық-зомбылықта әкеleуі мүмкін екенін раставиды.

Ерлерде, әйелдерде биоалуантурліліктің азаюы өмірлік ресурстардың азаюына, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігінің әлсіреуіне әкелетінін атап етті. Тиісінше, бұл өздерін және туыстарын тамақ, су және басқа да қажетті заттармен қамтамасыз етуге жаупты әйелдерге теріс әсер етеді. Осылайша, табиғи ресурстардың апаптарына, сарқылуына және жойылуына байланысты жағдайлар гендерлік сезімтал мәселелерді қозғайтын және қүшеттептін негізгі факторлар болып табылады.

Бұл көптеген әйелдердің «жақсы қожайын», «жақсына» және «жақын адамдарға қамқорлық жасау» қажеттілігі туралы идеяларына байланысты болуы мүмкін, бұлорташа есеппен бір әйелдің еңбегі, бір адамның жұмысына қарағанда орман өсіруден төрт есе көп пайда әкеледі⁷.

Ерлер мен әйелдер үшін табиғи ресурстарды пайдалану мен басқаруға тең қол жетімділік келесі себептерге байланысты маңызды екенін есте ұстаған жөн:

- қоршаған ортаны жақсартуға ықпал етеді;
- экономиканың тиімді жұмыс іsteуі, қоғамдық әл-ауқат, әйелдердің құқықтары мен мүмкіндітерін кеңейту үшін неғұрлым қолайлар жағдайлар жасайды.

Әйелдердің табиғи ресурстармен тығыз байланысы қоршаған ортаны сақтауға, климаттың өзгеруіне бейімделудің сәтті және тұрақты таралуына ықпал етуі мүмкін.

⁷Shanley, S., & Gaia, G. R. (2001). *Equitable Ecology: Collaborative Learning for Local Benefit in Amazonia*. Agriculture Systems, 73, 83-97.
[https://doi.org/10.1016/S0308-521X\(01\)00101-9](https://doi.org/10.1016/S0308-521X(01)00101-9)

Әйелдердің ресурстарға қол жетімділігі олардың әкіншілігін көңейтеді

2019 жылы 21-22 қарашада Алматыда өткен «Гендер және биоалуантурлілік» халықаралық конференциясына қатысушылармен пікірталас және сұхбат шеңберінде мыналар анықталды:

- Ерлер мен әйелдердің жауаптарында айтарлықтай айырмашылықтар байқалады: ер адамдар әйелдердің шешім қабылдауға, табиғи ресурстарды қоғамдастық деңгейінде пайдалануды қаржыландыруға ықпал ететініне сенімді.
- Биоалуантурлілікке қол жеткізуге қатысты саялнамаға қатысқан әйелдер мен ерлердің көпшілігі ер адамдарда табиғи ресурстарға көбірек қол жетімділік, билік және бақылау бар деген пікірде болды.
- Ерлердің көпшілігі және әйелдердің бір бөлігі әйелдердің қоршаған ортаны қорғау саласына аз тартылуының себебі еңбек жағдайының қыындығы екендігін атап көрсетті.
- Қорғалатын табиғи аумақтың директоры, орман инспекторлары сияқты әр түрлі лауазымдарда әйелдердің белсендерділігі сияқты оң мысалдарға қарамастан, олардың саны әлі де жеткіліксіз.
- Әйелдердің орман секторын дамытуға қатысуының оң фактілеріне қарамастан, олардың ерлер қызметінің дәстүрлі саласына тартылуына қатысты тұрақты стереотиптердің сақталуы байқалады.

“

Ресми түрдө орманши, инспектор болып, әсіресе алыс кордондарда жұмыс істейтін ер адамдардың отбасыларының мушелері әйелдердің жағдайына ерекше назар аудару керек. Бұл әйелдердің көпшілігі белгілі бір еңбек өтінімінсіз, әлеуметтік және медициналық сақтандырусызың жұмысқа орналасу мүмкіндігі аз, әлеуметтік зейнетақымен және асырауыш болып табылатын жұбайларынамалық тәуелділікпен жұмысқа орналасудың тәмен немесе іс жүзінде жоқ мүмкіндіктеріне байланысты халықтың әлеуметтік осал топтарының тобына жатады. Сондықтан, әдетте, жеке тұлғаны дамыту мүмкіндіктері, тіпті одан да кәсіби тұрғыдан алғанда, өтеп шектеулі.

Әйелдер орман шаруашылығында жұмыс істесе де, келесі гендерлік сегрегация орын алуда:

- Әйелдер көбінесе кадр, бухгалтерия, туризм бөлімдерінде жұмыс істейді;
- Ер адамдар жетекшілік, орманшылар, инспекторлар, гидтер, жүргізушілер, экскурсоводтар ретінде ұсынылған.

Әйелдерді орман секторына белсенді тартуға қарсы дәлелдердің арасында гендерлік стереотиптермен ғана емес, орман секторындағы ауыр еңбек жағдайларымен де байланысты протекционистік сипаттағы идеялар басым екенін назарға ала отырып, еңбек жағдайларын жақсарту жөнінде шаралар қабылдау (мобильді вагондармен, мобиЛЬДІ дәрігерлік қызметтермен қамтамасыз ету), сондай-ақ арнайы әлеуметтік қорғауға және тағы басқаларға қатысты шаралар қажет.

Орман ресурстарының ғана емес, жалпы табиғи ресурстардың тозуы жағдайында әйелдердің осалдығы және олардың ерекше тәуекелге ұшырауы әлеуметтік, экономикалық, мәдени сипатқа ие. Әйелдерді белсенді тартуға негізделген орман ресурстарының тозу және жоғалу қаупін азайту жөніндегі жақсы ойластырылған бастамалар мүмкіндіктерді кеңейтуге және әйелдердің өмірін жақсартуға ықпал етуі мүмкін. Сонымен бірге, олар тұрақты даму міндеттерін шешуге ықпал ете алады.

ҚОРЫТЫНДЫЛАР МЕН ҰСЫНЫСТАР

Қазірдің өзінде қорғауға мұқтаж халықтың пассивті және «осал топтары» ретінде әйелдер мен қыздарға деген көзқарасты өзгерту қажет. Бір жағынан, олар қарым-қатынастың стереотиптік модельдері түрғысынан ең осал, екінші жағынан, олар қызын табиғи жағдайда бейімделу мен өмір сүру, апарттар қаупін азайту және олардың салдарын жену туралы баға жетпес білімге ие. Осының салдарынан трансформаторлық гендерлік тәсілді қолдануда, атап айтқанда, әйелдерді өзгерістер агенттері және даму үдерістерінің белсенді қатысушылары ретінде қарастыру қажеттігі туындалап отыр.

Әйелдер мен ерлер орман ресурстарын басқару мен биоалуантүрлілікті сақтауға әсер ететін мәдени сенімдері мен дәстүрлі білімдерін ескере отырып, орман ресурстарын пайдалану түрғысынан әртүрлі білім мен түсінікке ие. Сондықтан, әйелдер мен ер адамдар көбінесе әлеуметтік рөлдеріне (үйде және қоғамда) байланысты орман өнімдерін басқаша пайдалануға бейім.

Үй шаруашылығының азық-түлік пен отынға деген қажеттіліктерін қамтамасыз етумен байланысты әйелдердің міндеттерін ескере отырып, орман ресурстарының азаюы әйелдердің ауыртпалығын арттырады. Әйелдердің орманды басқаруға белсенді қатысуы орман саясаты мен жоспарлауды жақсарта алады, бұл оларды жергілікті қауымдастырудың азық-түлік қауіпсіздігіне жауапты етеді. Үлкен көлемде орман секторындағы гендерлік теңдестірілген саясат ұлттық дамуды катализдейді және кедейлік пен климаттың өзгеруінің жағымсыз салдарын төмендетуде маңызды рөл атқарады.

Орман шаруашылығы секторы әйелдерге өндірісте немесе басқаруда үлкен мүмкіндіктер жасайды. Қазақстанда орманшы әйелдердің, орман шаруашылығы қызметкерлерінің әйелдерінің рөлі қосымша ынталандыру шарапарын құрға кезінде ерекше көрінеді:

- әр түрлі деңгейдегі орман биоалуантүрлілігін басқаруға

қатысты саясат пен жоспарларды анықтауға, әзірлеуге, жүзеге асыруға және бақылауға әйелдердің қатысуын ынталандыру бойынша кесендей жұмыстар жүргізу;

- халықаралық және ішкі міндеттемелер түрфысында биоалуантурлілікке байланысты салаларда ерлер мен әйелдердің қаржы ресурстарына тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау қажет;
- биоалуантурлілікті сақтау және орнықты пайдалану, апattар қаупін азайту, климаттың өзгерүі, гендерлік теңдік, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғau, ауылшаруашылығы, қоршаған ортаны қорғau, ауыл мен қаланы жоспарлау және т.б. Мұны гендерлік перспективаны үлттық және салалық биоалуантурлілік/қоршаған ортаны қорғau стратегиялары мен жоспарларына біркітіру арқылы жасауға болады;
- орман шаруашылығымен биоалуантурлілікпен байланысты барлық салалардағы жоспарлар мен саясатты әзірлеу, жүзеге асыру және мониторинг жүргізу кезеңінде гендерлік факторды есепке алуға бағалау жүргізу, сондай-ақ гендерлік дезагрегацияланған статистиканы дамыту қажет;
- үлттық институттарды, азаматтық қоғам үйымдарын және әйелдердің гендерлік мәселелері мен құқықтары жөніндегі әйелдер үйымдарын нығайту және оларды биоресурстарды сақтау мен тозуының алдын алу стратегиясымен өзара байланыста басшылық, консультациялық және мониторингтік функцияларды орындау үшін, сондай-ақ осы стратегияларды іске асыру үшін жеткілікті ресурстармен, білікті кадрлармен және өкілеттіктермен қамтамасыз ету;
- барлық деңгейдегі мемлекеттік органдардың қызметтеріне және жергілікті қауымдардың өміріне, әсіресе биоалуантурлілік бағдарламаларын қаржыландыруға қатысты шешімдер қабылдау процестеріне белсендей қатысу үшін әйелдердің әлеуетіні қауымдардың өміріәйелдер көшбасшылығы бағдарламасын дамыту қажет;
- әйелдер үкіметтік емес үйым әлеуетін нығайту, олар өз кезегінде биоалуантурлілік саласындағы әйелдер

көшбасшылығы және әйелдер кәсіпкерлігі бағдарламаларын дамыта алады;

- гендерлік аспектілерді ескеруге мүмкіндік беретін коммуникативтік тәсілдерді пайдалана отырып, гендерлік теңгерімделген қатысады қамтамасыз ете отырып, ресми және бейресми әріптестіктерді әзірлеу және құру кезінде әйелдердің ҮЕҰ мен бастамашыл топтардың өкілдерін белсенді тарту үшін қолдау көрсету;
- орман ресурстарын қоса алғанда, биоалуантүрлілікті сақтауға қатысты саясатты, заңнаманы және жоспарларды әзірлеу және жүзеге асыру барысында әйелдердің қатысуы және ықпал етуі үшін қауымдық, жергілікті, ұлттық, өнірлік және халықаралық деңгейлерде биоалуантүрлілікті сақтау мәселелері жөніндегі форумдар мен тетіктерде әйелдердің тең өкілдігін қамтамасыз ету;

БҰҰ Азық-түлік және ауыл шаруашылығы үйімі (ФБА) зерттеулеріне сәйкес (2013 ж) ер адамдардан тұратын қауымдастықтарға қарағанда, гендерлік теңдестірілген орман қауымдастықтары барлық функцияларын тиімді атқарады (өсімдіктерді қорғау, орманды қалпына келтіру, биоалуантүрлілікті сақтау және орман шаруашылығын пайдалануды бөлу).

- орман өсіру, орманды қалпына келтіру, қосалқы құралдар арқылы табиғи қалпына келтіру, қосалқы құралдар, агрорман шаруашылығы және экологиялық ауыл шаруашылығы бойынша шаралар контексінде инфрақұрылым және қызмет көрсету секторындағы ерлер мен әйелдердің қажеттіліктерінің ерекшелігіне де қою мақсатында ұлттық және жергілікті деңгейлерде арнайы бюджеттік қаражат бөлу;
- гендерлік мәселелерді ескере отырып, орман өсіруді мемлекеттік қолдауды күшейту және жеке орман қорын кеңейту;

Атап айтқанда, кәсіпкер әйелдер үшін жеке ормандарды қалыптастыру және қолдау, сондай-ақ жеке питомник шаруашылығын дамыту үшін ынталандыруышы тетіктерді құру сияқты шаралар орман шаруашылы-

⁸Shanley, S., & Gaia, G. R. (2001). *Equitable Ecology: Collaborative Learning for Local Benefit in Amazonia Agriculture Systems*, 73: 83-97.
[https://doi.org/10.1016/S0308-521X\(01\)00101-9](https://doi.org/10.1016/S0308-521X(01)00101-9)

ғында отырғызу материалдарына және ормандарды молықтыру, орман өсіру және елді мекендерді көгалданыру жәніндегі жұмыстарға қажеттілікті қанағаттандыруға көмектеседі. Бұған мысал ретінде орман өнімдері мен ағаш материалдарын тұрақты басқаруға (өндіруге, басқаруға, сақтауға, сатуға) немесе қоғамдық орман туризміне бағытталған қауымдастықтарды қолдау (әйелдерге арналған активтерді беру бағдарламалары және несиелуе, субсидиялар, ипотека және т.б. сияқты қызыметтер) жатады.

- кордондарда, орман шаруашылығында, қорықтарда және үлттық парктерде еңбек жағдайларын жақсарту, демек, осы сектордағы әйелдер үшін неғұрлым тартымды жағдайлар жасау;
- қажет болған жағдайда әйелдердің орман секторы бойынша білім туралы сертификаттарға қол жеткізуін қамтамасыз ету, бұл орман жайылымдарын қалпына келтіру және орманды қалпына келтіру жәніндегі жобаларды іске асыруға ықпал етуі мүмкін;

Жұмыс іздеуде ауылдық жерлерден ерлердің көші-қон үрдісінің өсуіне байланысты әйелдер үй жұмыстарына қоса өз отбасыларының өмір сүру қаражатын өз бетінше басқаруға мәжбүр. Тиісінше, олардың жергілікті қоғамдастықтардың істеріне қатысуы ғана емес, сонымен бірге орман ресурстарына байланысты кәсіпкерлікті дамыту бойынша қосымша білім мен қаржылық қолдау қажеттілігі де артып келеді.

Кептіру мен өндеудің, буып-тұю мен өткізу нарығына (мысалы, ғаламтор арқылы) кептірілген түрде және джем, тосап түрінде өнім өткізуіндік жаңа технологияларын пайдалана отырып, жидектер, саңырауқұлақтар, дәрілік шөптер жинаумен және өндеумен байланысты шағын және орта бизнесті экономикалық қолдау бағдарламаларын дамыту қажет. Осы бағдарламалардың арқасында әйелдер орман ресурстарына қатысты дәстүрлі білімдерін дамытып, байытып қана қоймай, экономикалық әл-ауқатын жақсарта алады.

Халықаралық зерттеулерге сәйкес, әйелдер орта есеппен алғанда өсімдік түрлерінің (ағаштар, бұталар,

шөптер, көкөніс дақылдары және т.б.) және өсімдіктердің пайдаланылатын бөліктерін (жемістер, жапырақтар, қабықтар, тұқымдар, тамырлар) көбірек санын анықтай алады.

Бұл - орманшылардың, алғыс кордондардағы инспекторлардың әйелдері үшін өзекті тақырып, Бұл тақырып орманшылардың, ресми жұмыссыз жүрген алыстағы кордондардағы инспекторлардың әйелдеріне қатысты. Бұл қызмет кәсіп шағыннесиелендіру немесе шағын гранттау негізінде құрылуы мүмкін, соның ішінде қызметтердің кең спектрі: ағаш өнімдерін қолдан жасау, ұлттық костюмдерді тігу, моншақ жасау, ағаш ою, орман өнімдерін кептіру/жинау және т.б., соның ішінде ғаламтор арқылы өнімдерді сату.

- гендерлік ерекшелікті ескере отырып, ерлер мен әйелдер үшін білім беру қызметтерінің, орман ғылымы нәтижелері мен консультациялық қызметтердің экономикалық қолжетімділігін арттыру бойынша жұмыс жүргізу ұсынылады. Сондай-ақ, гендерлік аспектілерді ескере отырып, сертификатталған орман өнімдерін өндіруді басқару жүйелерін субсидиялауға ерекше назар аударылады;
- қарамағында ормандар, шалғындар мен жайылымдар, су айдындары мен өзендер бар жергілікті билік органдары үшін орманшылар, фермерлер, кадастрық қызметтер үшін, гендерлік ерекшелікті білетін білікті консультативтік қызметтер құру қажет; орманшылар, фермерлер, кадастрық қызметтер үшін.
- орманмен байланысты жобалар үшін питомниктер өсіру және орманды басқару бойынша тренингтер өткізу немесе орман және ағаш емес орман өнімдерін жасау тізбегіндегі әйелдердің нарыққа қол жетімділігін арттыру ұсынылуы қажет. Әйелдер мен ер адамдар үшін, үй шаруашылығының екі мүшесі ретінде, көбінесе тек ер адамдарға берілетін орман туралы техникалық кеңес беру маңызды;
- ерлер мен әйелдер арасында ормандытұрақты пайдаланудың, әлеуметтік осал топтарға назар аудара отырып, жеке питомниктер мен орман плантацияла-

рын құрудың артықшылықтары туралы ақпаратты әзірлеу және барынша тарату қажет;

- орман жобаларын әзірлеу мен іске асырудың жаңа мүмкіндіктерін зерттеу мақсатында республика өнірлері мен басқа елдер арасында тәжірибе алмасуды үйімдастыру қажет. Осында тәжірибе алмасу топтарына кемдегенде 30% әйелдер өкілдігінің қатысуын қамтамасыз ету керек. Бірлескен топтарға мемлекеттік қызыметшілерді, жеке кәсіпкерлерді, азаматтық қоғам өкілдерін тарту қажет;
- өзінің жалға берілетін аумақтарында орман пайдаланудың алуан түрлерін дамытуға мүдделі әйелдер үйімдарын қолдау және ынталандыру да маңызды аспект болып табылады. Шағын гранттар бағдарламасының есебінен тозған жерлерге орман белдеулерін отырғызу сияқты экологиялық сипаттағы түрлі бастамаларды қолдауға болады. Гранттарды бөлу кезінде гендерлік аспектілерді ескеріп, әйелдер үшін гранттардың санын кемінде 30% жеткізу қажет.
- туризмнің әлеуметтік-экономикалық пайдасын және оның орман экожүйелеріне айтарлықтай әсерін ескере отырып, бұл мәселеге мұқият қарau қажет. Туристік инфрақұрылымды жақсарту кезінде гендерлік аспектілерді ескеру қажет;
- омарташылық дамыған, атап айтқанда орман алқаптарында «медициналық туризмді» дамытуды қолдау. Мысалы, араларға ұяларында ұйықтауға «жатуға», бал алуға, араларды «тыңдауға», табиғи балдың дәмін татып, бал араларын сынап көруге болатын «Апи-Ссауна» құру. Бұл процедуралар жүйке жүйесін, тыныса лу жолдарын және басқа да әртүрлі ауруларды емдеуге көмектеседі. Кәсіптің бұл түрін ормандардың жаңында тұратын әйелдер сәтті дамыта алар еді.
- гендерлік мәселелерге сүйене отырып, құндылықтарды жіктеу және олардың осы пайданы таратылуын бағалау бойынша жұмыс жүргізу маңызды. Сондай-ақ, бұл жұмыс гендерлік мәселелерді ескере отырып, биоалуантүрлілікті сақтау құндылықтарын басымдықпен

сарапау арқылы бағаланатын табиғи ресурстардың шығындары мен пайdasын таңдауға қатысты болуы керек.

ГЕНДЕРЛІК ТАЛДАУ ЖӘНЕ СТАТИСТИКА

Соңғы жылдары халықаралық міндеттемелер аясында Қазақстан гендерлік теңдікті ілгерілету саласында айтарлықтай табыстарға қол жеткізді. Бұл кезеңде елімізде өзіндік заңнамалық-нормативтік база, «Ерлер мен әйелдердің, тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы» заң, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың профилактикасы туралы» заң, сондай-ақ 2016 жылы Қазақстанның гендерлік және отбасылық саясаты жөніндегі тұжырымдама қабылданды. Дегенмен, әйелдердің шешім қабылдау позицияларындағы санының өсуіне қарамастан, олардың саяси және экономикалық салалардағы өкілдігі төмен болып қалуда.

Қазақстан жаһандық гендерлік алшақтық деңгейінде (Global Gender Gap Index Rank)

153 елдің ішінде 72-ші орында

бұл белгілі бір регрессия болып табылады (2018 жылы –

149 елдің арасында¹⁰ 60-шы орында; 2016 жылы –

144 елдің арасында 51-ші орында).

Қазақстан экономикалық қатысу және мүмкіндіктер саласында (2020 жылы 37-ші орын және 2018 жылы 32-ші орын) біршама жақсы позицияларсын сақтай отырып, білім беру саласында 2018 жылы 30-шы орыннан 2020 жылы 63-шы орынға дейін, денсаулық және өмір сүру саласында 2016 жылы 1-ші орыннан 2018 жылы 42-ші орынға дейін, 2020 жылы 74-ші орынға және саяси қатысу саласында 2016 жылы 77-ші орыннан 2018 жылы 94-ші орынға дейін, 2020 жылы 106-шы орынға дейін) төмөнделді.

⁹http://www3.weforum.org/docs/WEF_GGGI_2020.pdf

¹⁰World Economic Forum, the Global Gender Gap Report 2018 http://www3.weforum.org/docs/WEF_GGGI_2018.pdf

¹¹World Economic Forum, the Global Gender Gap Report 2016 http://reports.weforum.org/global-gender-gap-report-2016/economies/?doing_wp_cron=1546986070.506099939463134765625#economy=KAZ

Сонымен қатар, жұмыспен қамту және білім беру саласында әйелдер санының көптігіне қарамастан, Қазақстанның қоғам әйелдер мен ерлердің рөліне дәстүрлі көзқараспен қарайды. Отбасындағы міндеттерді бөлу қатаң болып қалу да, әйелдер үй шаруасымен еңбек нарығында еңбек етуде екі есе ауырталықты сезінуде¹².

Қазақстан Республикасы ұлттық заңнаманы оларға сәйкес келтіре отырып, биоалуантүрлілік саласындағы негізгі халықаралық құжаттарға келтіре отырып қосылды. Елде биоалуантүрлілік мәселелерін қарайтын орман, балық, аңшылық шаруашылықтар мәселелері бойынша құрылымдар құрылды, сондай-ақ ерлер мен әйелдердің биологиялық ресурстарға қолжеткізуі үшін тең құқықтар заңнамалық деңгейде бекітілді. Осылайша, Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау үшін халықаралық талаптарды жүзеге асыру бойынша Азия өніріндегі басқа елдерде үшінде үлгі болуға ниетті. Барлық мұдделі тараптар - әйелдерде, ерлерде қатыса алатындей, шешімдер қабылдай алатын және иғлікті пайдалана алатындей етіп табиғат қорғау жобаларын әзірлеуге, іске асыруға және мониторинг жүргізуге гендерлік аспектилерді жүйелі түрде интеграциялау осы тармақтағы маңызды шарт болып табылады.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Қазақстан Республикасының аумағы 2,7 млншаршы км құрай отырып, аудан бойынша әлемдегі ең ірі мемлекеттердің ондығына кіреді. 2017 жылдың саны 17,9 млнадамды құрады, оның ішінде:



¹² <https://www.zakon.kz/4872564-gendernoe-issledovanie-kak-v-kazahstane.html>

18 жасқа дейінгі балалар 5,6 млн. адамды құрайды, оның ішінде



қыздар
2,7 млн. адам
48,6%



ұлдар
2,9 млн. адам
51,4%



65 және одан жоғары жастағы
қарт адамдардың үлесі
7,2%-ды құрады¹³.

Осылайша, Қазақстан егде адамдардың 7% құрайтын шекті деңгейден өтті және халқы қартайған елдерге жатқызылуы мүмкін. 2018 жылғы деректер бойынша халық арасында 60 жастағы өмір сүру ұзақтығы азamatтар саны 17,53%, ал әйелдер арасында 19,62% құрайды.

2009 жылғы халық санағына сәйкес отбасы мүшеслерінің орташа саны 3,5 адамды құрады. 18 жасқа дейінгі балалардың 72% екі ата-анасымен, 15%tek анасымен, 6%tek әкесімен, 6%ата-анасыз тұрады. 1 млн. 209 мың үй шаруашылығының (29%) құрамында 60 және одан жоғары жастағы адамдар бар, 395 мың үй шаруашылығы (9,5%) тек 60 және одан жоғары жастағы адамдардан тұрады. Бұл Дәл осындай үй шаруашылықтарында 545 мыңнан астам адам тұрады, олардың оның 191 мыңы - ерлер (35%) және болса, 354 мыңы - әйелдер (65%)¹⁴.

1999-2009 жылдар аралығындағы санақ кезеңінде елде туу көрсеткішініңсөуі, өлімнің азаюы, халықтың өмір жасыныңұзақтығының артуы, көшіп-қонудың оң сальдосы сияқты демографиялық көрсеткіштер

¹³Әйелдерге қатысты кемсітушілкітің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының бесінші мерзімдік баяндамасы / CEDAW Report CEDAW/C/KAZ/5, 2018

https://tbinternet.ohchr.org/Treaties/CEDAW/Shared%20Documents/KAZ/CEDAW_C_KAZ_5_7362_R.pdf

¹⁴Әйелдерге қатысты кемсітушілкітің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының бесінші мерзімдік баяндамасы / CEDAW Report CEDAW/C/KAZ/5, 2018

байқалды. Нәтижесінде Қазақстан халқының саны 1 млнадамнан асты. Нәтижесінде Қазақстан халқының саны 1 млн. адамнан асты.

Соңғы бірнеше жылда әйелдер арасында өмір жасының орташа ұзақтығы 72-73 жасты құрады, бұл алдыңғы он жылдықпен салыстырғанда айқын прогресс болып табылады.¹⁵

БІЛІМ

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, елдің тұрғындары жынысына, этникалық тегіне және әлеуметтік жағдайына қарамастан білім алуға құқылы. Алайда, ел үкіметінің күш-жігеріне қарамастан, оқыту жүйесінің әртүрлі деңгейлерінде гендерлік алшақтық байқалады.

Бастауыш, орта және жоғары білім аудеңгейлеріндегі қыздар мен ұлдардың арақатынасы бойынша деректер (гендерлік тәпе-тендік индексі) қыздардың техникалық және кәсіптік білім алушақолайсыз жағдайда өкендігін көрсетеді.

2010 жылы Қазақстан Болон декларациясына қосылып, еуропалық жоғары білім беру аймағының 47-ші мүшесі және еуропалық білім беру кеңістігінің толық құқықты мүшесі деп танылған Орталық Азиядағы алғашқы мемлекет болды. Болон процесіне қосылғаннан кейін Қазақстанның жоғары білім беру жүйесіне мамандарды үш деңгейлі, яғни, бакалавр – магистр-PhD докторларын даярлау сияқтыелеуі өзгерістер енгізілді.

¹⁵Әйелдерге қатысты кемістүшіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының бесінші мерзімдік бояндамасы / CEDAW Report CEDAW/C/KAZ/5, 2018

¹⁶Бірлікке тән гендерлік тәпе-тендік индексі жыныстардың тенденцијін көрсетеді. Мәні 1-ден аз индикатор ұлдардың пайдаласына тенсіздікті көрсетеді, яғни қыздар қолайсыз жағдайлда. Мәні 1-ден жоғары көрсеткіш қыздардың пайдаласына тенсіздікті көрсетеді, яғни ұлдар қолайсыз.

¹⁷https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=38&slug=-32&cat_id=8&lang=ru

¹⁸Әйелдерге қатысты кемістүшіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының бесінші мерзімдік бояндамасы / CEDAW Report CEDAW/C/KAZ/5, 2018

57,3%

Университет түлектерінің 57,3%
жас әйелдер мен қыздар¹⁸

30%

«Орман ресурстары және орман
шарашылығы» мамандығының
студенттері арасында әйелдер
шамамен 30% құрайды (1-кесте)

1-ші кесте. 2018/2019 оқы жылының басында ауысымдық орман ресурстары мамандықтары бойынша студенттерді бөлу, Қазақстан Республикасы (адам)¹⁹

	Студенттерді қабылдау	Студенттер саны		Дайындал шығару		Болжалды шығарылым	
		барлығы	оның ішінде әйелдер	барлығы	оның ішінде әйелдер		
5B060700 Биология	1 041	845	3 057	2 555	668	552	733
5B060800 Экология	999	620	3 488	2 246	960	631	994
5B073100 Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортанды қорғау	1 177	288	4 397	1 133	949	263	1 284
5B080700 Орман ресурстары және орман өсіру	500	172	1 073	358	189	57	228

ЕҢБЕК ЖӘНЕ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ САЛАСЫ

2018 жылы еңбекке қабілетті жастағы халықтың экономикалық белсенділік деңгейі 82,4%құрады. Ерлер арасында-85,4%, әйелдер арасында-5% тәмен, бұл 80,3% құрайды. Қалада әйелдердің экономикалық белсенділік деңгейі ерлермен салыстырғанда (78,8%:84,7%) ғана емес, сонымен қатар ауыл әйелдерімен салыстырғанда да²⁰ тәмен. Экономикалық қызмет түрлерінің²¹ топтары бойынша статистикалық деректерге сәйкес, ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған әйелдердің үлесі 43,1%, қызмет көрсету саласында – 55,6% және өнеркәсіп пен құрылыста барлығынан аз 28,8% құрады.

2016 жылы елдегі экономиканың денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер көрсету сияқты салаларында – 74,5%, білім беру – 74,0%, тұру және тамақтану бойынша қызметтер – 72,9%, сауда – 59,8%, қаржы және сақтандыру қызметі – 59,1%, өнер, ойын – сауық және демалыс – 57,4%, ауыл шаруашылығы-44,2%әйелдер тиісті қызмет саласында жұмыс істейтіндердің барлығынан басым түрде жұмыспен қамтылды. Ерлер дәстүрлі түрде көлік пен қоймада – 80,5%, құрылыста – 79,8%, өнеркәсіпте – 66,5% қызмет атқаруда²².

¹⁹ www.gender.stat.gov.kz

²⁰ www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=20&slug=16-58-16-63&cat_id=7&lang=ru

²¹ [https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=21&slug=-16&cat_id=7&lang=ru](http://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=21&slug=-16&cat_id=7&lang=ru)

²² Әлемдерде қызындықтың кеместірушілікten барлық нысандарын жою туралы конвенцияның орындалу барысы туралы Қазақстан Республикасының бейсінші мерзімдік баяндамасы/ CEDAW Report CEDAW/C/KAZ/5, 2018
https://tbinternet.ohchr.org/Treaties/CEDAW/Shared%20Documents/KAZ/CEDAW_C_KAZ_5_7362_R.pdf

Орман секторы бойынша деректердің болмауы осы саладағы гендерлік жағдайды талдауды қынданатады.

Жынысы бойынша бөлінген толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін әйелдердің үлесі ерекше қызығушылық тұдырағы. Ел бойынша бұл индикатор 2018 жылы – 9,3% - ды құрады. Сонымен қатар, ауылдық жерлерде тұратын және толық емес жұмыс күні жұмыс істейтін әйелдердің үлесі ерлермен (16,2%:11,1%) салыстырғанда ғана емес, қалалық әйелдермен (16,2%:8,5%)²³ салыстырғанда жоғары болды. Бұл деректерді әйелдерді түрлі бағдарламалар мен жобаларға тарту кезінде ескеру қажет.

Ұзақ мерзімді жұмыссыздық деңгейі 2018 жылы елдің жалпы халқы арасында 2,2%, әйелдер арасында 2,7% құрады²⁴, бұл ел бойынша көрсеткіштен жоғары.

Дербес жұмыскерлерге қатысты олардың республика халқы арасындағы үлесі елеулі гендерлік алшақтықсыз 24,0% тең екенін атап өткен жөн: ерлердің үлесі 24,4%, әйелдердің үлесі 23,5% құрады²⁵. Алайда, қала мен ауыл арасындағы айтарлықтай айырмашылықтар анықталды.

Тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету тұрғысынан экономикалық сала үшін маңызды индикатор жалақы болып табылады. Деректер 2018 жылдың үшінші тоқсанында атаулы жалақының ен төменгі деңгейі 106,4 мың теңгеауыл, орман және балық шаруашылығында екендігін көрсетеді, бұл көрсеткіш республика бойынша орташа көрсеткіштен 34,2% төмен²⁶. Бұл көрсеткіштер жалақының төмендігі туралы пікірлерді және орман шаруашылығы қызметкерлерінің өз жұмысына деген сыни көзқарасын раставиды. Алайда, гендерлік бөлінбекен мәліметтердің болмауы осы саладағы ерлер мен әйелдердің қаржылық жағдайын анықтауды қынданатады. Жалпы алғанда, соңғы жылдар ішінде жалақыдағы гендерлік алшақтық 30% астамды құрады (2-кесте).


²³www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=17&slug=-13&cat_id=7&lang=ru

²⁴https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=23&slug=-18&cat_id=7&lang=ru

²⁵https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=14&slug=-10&cat_id=7&lang=ru

²⁶<https://kursiv.kz/news/obschestvo/2018-11/srednemesyachnaya-zarplata-v-rk-za-3-kvartal-sostavila-161-783-tenge>

2 Кесте. Әйелдер мен ерлердің жалақысының арақатынасы²⁷



ЭКОНОМИКАЛЫҚ РЕСУРСТАРДЫ БАСҚАРУФА ҚАТЫСУ

Статистикаға сәйкес, 2018 жылы елдік деңгейде жұмыс берушілердің үлесі ел халқының 1,3%құрады. Әйелдер арасындағы жұмыс берушілердің үлесі елдік көрсеткішпен салыстырғанда аз пайызды (0,9%), сондай-ақ ерлер арасындағы жұмыс берушілердің үлесімен салыстырғанда (1,6%)²⁸ құрады. 2018 жылы ел бойынша кәсіпорындардың 27,9%әйелдер басқарды, тиісінше: 27,9%шағын кәсіпорындар, 32,4%орта кәсіпорындар, 17,2%ірі кәсіпорындар құрады²⁹. Елдік жағдай аясында ауылдақ және қалалық жерлерде пайыздардың арақатынасы шамалы, 2% шегінде өзгеріп отырады.

Ресми статистикаға сәйкес, жерді иеленетін ересек тұрғындар арасындағы әйелдердің үлесі (меншік иелері мен жер пайдаланушылар саны) 2018 жылы 2,6% құрады, ал ерлер халқының үлесі соғығы жылдар бойы осындағы үрдістің сақтай отырып, 9,7% құрады³⁰.

2011 жылданбастап 2018 жылға дейінгі кезеңде шаруалық немесе фермерлік қожалықтарды басқаратын әйелдер санының 17,5%-дан 23,1%-ға дейін біртіндеп өсуі байқалады³¹.

Ұлттық статистика бюросының 2019 жылғы 1 қаңтардағы деректеріне сәйкестіркелген 3312457 шағын және орта кәсікерлік субъектілерінің (шок) жалпы санынан әйелдер басқаратын ШОК субъектілерінің саны 1035107 немесе 31,24% құрады. Бұл 2018 жылмен

²⁷https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=18&slug=-14&cat_id=7&lang=ru

²⁸https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=16&slug=-12&cat_id=7&lang=ru

²⁹https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=19&slug=-15&cat_id=7&lang=ru

³⁰https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=4&slug=-4&cat_id=1&lang=ru

³¹https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=5&slug=-5&cat_id=1&lang=ru

салыстырғанда регресс көрсеткіші болып табылады, өйткені 2018 жылы бұл көрсеткіш 42,07% құрады³². Бұл деректерді өнірлер бойынша бөлудің әртектілігінде ескерген жөн, өйткені ШОК-тың көпшілігі Республиканың Алматы және Нұр-Сұлтан сияқты ірі қалаларында, сондай-ақ Оңтүстік Қазақстан, Алматы облыстарында және басқа да өнірлерде шоғырланған.

Сонымен қатар, ШОК субъектілерінің жалпы санының бойынша ішінде, олардың ішінде 280 525 шаруа (фермер) қожалықтары болып табыладытындар, әйелдер басқаратын ШОК³³ субъектілерінің саны небары 58 290 немесе 20,77% - ды құрайды, бұл да 2018 жылмен (22,17%) салыстырғанда регрессия көрсеткіші болып табылады.

Бір қызығы, ауыл, орман және балық шаруашылығы саласы бойынша 246 492 ШОК субъектілерінің 54 673 ШОК әйелдер басқаратын субъектілер болып табылады.

Осылайша, қолданыстағы статистикалық деректер әйелдердің материалдық ресурстарға қолжетімділігінің шектеуі екендігін раставды. Бұл жағдай ауыл әйелдерінің, оның ішінде орман секторына тартылған әйелдердің экономикалық мүмкіндітерінің шектелуіне әкеледі.

Осы түрғыдан алғанда, қоршаған орта мен гендерлік теңдік мәселелері әйелдер мен ерлердің табиғи ресурстарға және олардың туындыларына тең қолжеткізуі мен оларды бақылауына, сондай-ақ шешімдер қабылдауға және табиғи ресурстар мен қоршаған ортаны басқару мен пайдалану процесіне қатысуға тең қолжеткізу призмасы арқылы қаралуға тиіс екендігіне назар аударамыз.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУ ПРОЦЕСІНЕ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАТЫСУЫ

³²https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=106&slug=1-2018&cat_id=6&lang=ru

³³https://www.genderstat.gov.kz/page/frontend/detail?id=108&slug=1-2018-3&cat_id=6&lang=ru

экономикалық салаларда төмен болып қалуда. Мәселен, басшылық лауазымдарды атқаратын әйелдердің үлесі Қазақстан бойынша 2018 жылы 41,2%, 2017 жылы 37,0%, қалалық жерлерде 41,7% (2018) және 37,8% (2017), ауылдық жерлерде 39,5% (2018) және 33,3% (2017) құрады.

Сонымен қатар, 2017-2018 жылдары Қазақстан Республикасының Үкіметінде Министрлер лауазымын атқаратын адамдардың арасында әйелдердің үлесіне бәрі 6,25% құрады. 2017-2018 жылдары Қазақстан Республикасының Парламентіндегі әйелдердің өкілдігі 27,4% құрады. 2018 жылы жергілікті биліктің сайланбалы органдарында (мәслихаттар) әйелдердің алатын орындарының үлесі 22,2% құрады³⁴.

Орманшаруашылығы және жануарлар комитетінің облысты қауыртқы инспекцияларында қызметкерлердің жалпы санынан әйелдер саны 31% және орта буын басшыларының жалпы санынан 11% (басқармалар, департаменттер, бөлімдер, қызметтер) құрады (2017)³⁵. Министрліктердің қайта құрылымдағаннан кейін Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі (ӘГТРМ) басшылығының жалпы құрамын 10 адамнан тұратын Министр, Вице-министрлер, сондай-ақ төрағалар тұлғасындағы ӘГТРМ комитеттері атынан тек ер адамдар ғана өкілдік етеді. 2020 жылғы наурыздағы статистика бойынша осы мемлекеттік орган департаменттерінің директорлары арасында әйелдердің үлесі бар болғаны 33,33% құрады³⁶.

Демек, белгілі бір прогресске қарамастан, әйелдер биоалуантурлілікке қатысты құрылымдарда шешім қабылдау процесінде жеткілікіз үсінілған.

Жоғарыда айтылғандардың мән мәтінінде, жалпы ғылыми зерттеулер әйелдердің ауыл және орман шаруашылығына неғұрлым белсенді қатысуы экономиканың осы салаларының дамуына оң әсер етеді деген идеяны растайтынын атап өтеміз³⁷.

Сондай-ақ, ФБА-ның 2013 жылғы зерттеуі гендерлік теңдестірілген орман қауымдастықтары негізінен ер Сондай-ақ, ФБА-ның 2013 жылғы зерттеуі гендерлік

³³https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=108&slug=1-2018-3&cat_id=6&lang=ru

³⁴https://gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=73&slug=-60&cat_id=9&lang=ru

³⁵ Информация представлена на основе подсчетов экспертом интернет данных на сайте Министерства сельского хозяйства РК https://www.gender.stat.gov.kz/page/frontend/detail?id=111&slug=1-2018-6&cat_id=6&lang=ru

³⁶ Информация представлена на основе подсчетов экспертом интернет данных на сайте МЭГПР РК. <http://www.gov.kz/memlekет/entities/ecogeo/about?lang=ru>

³⁷<https://www.un.org/esa/forests/wp-content/uploads/2019/03/UNF14-BkgdStudy-SDG8-March2019.pdf>; <https://greenbelarus.info/articles/07-03-2018/kak-borba-za-prava-zhenschin-sposobstvuet-podderzhaniyu-bioraznoobraziya>

теңдестірілген орман қауымдастықтары негізінен ер адамдардан тұратын қауымдастықтарға қарағанда есімдіктерді қорғау, орманды қалпына келтіру, биоалуантурлілікті сақтау және орман шаруашылығын бөлу пайдалануды бөлу сияқты барлық функцияларын орындауда тиімдірек екенін көрсетті.

Сонымен бірге, әйелдердің орманды басқаруға көбірек қатысуы орман саясаты мен жоспарлауды жақсарта алады, үл оларды жергілікті қауымдастықтардың азық-түлік қауіпсіздігі мәселелерінде жауапкершілікті арттырады.

COVID-19-дың ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР МЕН ЕРЛЕРДІҢ ЖАҒДАЙЫНА ӘСЕРІ

Бұл басылым әйелдер мен ерлердің өміріне қатты әсер еткен COVID-19 пандемиясы кезеңінде жасалды, бұл әйелдер мен ерлердің өміріне қатты әсер етті. Жаңа шарттар мен деректер түрфысында (төменде қараңыз) жаңа тәсілдер және даму бағдарламаларын бейімдеу қажет.



01.

Әйелдердің үйде күтім жасау мен жұмыс істеуге айтарлықтай уақыт бөлу уақыты мерзімі ерлермен салыстырғанда (18% - дан 40% -ға дейін%) артты.

02.

Тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары көбейді, құрбандаңқөбінесе қала түрғындары респонденттердің жасы 25 жастан 34 жасқа дейін (17%), ажырасқандар (23%) және халықтың аз қамтылған топтарының екілдері (22%).

03.

Көптеген әйелдер үй шаруашылығын жүргізу барысында шығындармен қатар оңтайландыру/қысқарту мәселелеріне тап болады

04.

Жұмысынан айрылған әйелдер сан ерлерге қарағанда көп: әсіресе 18-34 жас аралығындағы қалалық жас әйелдер зардан шекті.

05.

Балалары бар жұмыс істейтін әйелдер үшін «карантиндік» демалысқа түсіпқалу қаупі балалары жоқ, әйелдерге қарағанда жоғары.

06.

Карантин кезінде репродуктивті денсаулық қызметтерін әйелдердің 13-16% пайдаланды. Әйелдердің 6% - ы ана денсаулығын қорғау бойынша қызметтерді алу кезінде ауырнемесе шағын қындықтарға тап болған.



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Ж. Әлемсейтова



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Ж. Әлемсейтова



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Ж. Әлемсейтова



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ А. Белгубаева



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ А. Бельгубаева



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ А. Бельгубаева



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ С. Жұманов



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Ф. Әбілов



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Қ. Алданов



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ А. Белгубаева



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ А. Белгубаева




Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Ж. Әлемсейитова



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Г. Әмірова



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Б. Усипов



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ Ж. Әлемсөйтова



Фотосурет: Қазақстандағы БҰҰДБ/ А. Белгубаева

- ✉ registry.astana.kz@undp.org
- 🐦 @UNDPKAZ
- 📷 @undp.kazakhstan
- 🌐 facebook.com/UNDPKazakhstan